

ҚР Ішкі Істер Министрлігі



Ішкі Істер Министрлігі

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі — Қазақстан Республикасы үкіметі құрамына енетін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесін басқарады, сонымен қатар қарастырылған заңнамалар аясында Қазақстан Республикасы аумағындағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау мақсатындағы салааралық іс-қимылдарды реттейді, құқық қорғау аясындағы мемлекеттік саясатты жасаумен және іске асырумен айналысады. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы заңдары, Президент, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері, басқа да нормативтік актілер, халықаралық келісімшарттар мен Қазақстан Республикасының басқа да міндеттемелеріне сәйкес жүргізеді.



ІІМ-нің жалпы құрылымы

- ҚР ІІМ Әкімшілік полициясы комитеті
- ҚР ІІМ Ішкі әскерлер комитеті
- ҚР ІІМ Жол полициясы комитеті
- ҚР ІІМ Криминалдық полиция комитеті
- ҚР ІІМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті
- ҚР ІІМ Тергеу комитеті
- ҚР ІІМ министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі

Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымов 2011 жылдың 11 сәуірінен бастап осы лауазымды атқарып келеді.

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері", "Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл" мерейтойлық медальдарымен, «ІІМ-нің еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

